

Бір топ қоғам қайраткері мемлекеттік наградалармен марапатталды



Мемлекет басшысы Ақорда төрінде өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, ұлт мүддесі үшін қажырлы қызмет етіп, халықтың ықыласына бөленіп келе жатқан бір топ азаматқа құрмет көрсетті.

Атап айтқанда, көрнекті суретші, танымал өнер қайраткері Бәтима Зәуірбековаға «Отан» ордені, көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбайға I дәрежелі «Барыс» ордені, мемлекет қайраткері Александр Судынге II дәрежелі «Барыс» ордені табысталды. Белгілі актер, көрнекті театр режиссері Нұрқанат Жақыпбайға «Қазақстанның халық әртісі» атағы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Виктор Хильниченкоға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев марапат иелерін құттықтап, әрқайсысының ел үшін сіңірген еңбегіне жеке-жеке тоқталды.

Президент ұлттық мәдениетімізді дамыту жолында көп еңбек етіп, бейнелеу өнерінде қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленген Бәтима Зәуірбекова отандық gobelen өнері мектебінің негізін қалап, қазақ әйелдері арасынан шыққан осы саладағы тұңғыш кәсіби маман атанғанына назар аударды.

Шығармашылығыңыз жоғары деңгейде мойындалып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болдыңыз. Халқымыздың тарихын, бітім-болмысын, ою-өрнегі мен салт-дәстүрін дәріптеуге баса мән бердіңіз. Сіздің туындыларыңыз Алматы және басқа да қалалардың әйгілі ғимараттарына көрік беріп тұр. Туындыларыңыз өз елімізбен қатар шет мемлекеттерде сақталуда. Сіздің еңбектеріңізді әлемге белгілі мамандар өте жоғары бағалайды. Ұлттық өнер жолында салған дара жолыңыз жас буын үшін тамаша үлгі-өнеге деп санаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев саналы ғұмырын ұлт руханиятын дамытуға арнап келе жатқан көрнекті ғалым, қарымды қаламгер Тұрсын Жұртбай төл тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын зерттеп, халықтың сана-сөзімін жаңғыртуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

— Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын терең

зерттеп, жан-жақты дәріптеуге зор еңбек сіңірдіңіз. Абай — ұлттың рухани темірқазығы, өскелең ұрпақтың айнымас бағдары. Шын мәнінде, ұлы ойшылды тану — қазақты тану деген сөз. Сіз Мұхтар Әуезовтің және ұлт қайраткерлерінің мол мұрасы мен өнегелі өмірі туралы құнды ғылыми еңбектер жаздыңыз. Шоқтығы биік көркем шығармаларыңыз арқылы төл әдебиетіміздің құндылығын арттыра түстіңіз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент театр және кино саласында жарты ғасырдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан белгілі режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін жеткізді.

— Көрерменнің көзайымы болған мазмұнды қойылымдарды сахналап, театр әлемінің нағыз майталманы ретінде танылдыңыз. Көптеген пьесалар мен фильмдерде түрлі рөлдерді шебер сомдап, халықтың ыстық ықыласына бөлендіңіз. Бүгінде жас таланттарды өнерге баулып, оларға бағыт-бағдар беріп келесіз. Руханият саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін өзіңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бір топ қоғам қайраткерін мемлекеттік наградалармен марапаттау барысында қазір Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолына түсіп, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалып жатқанына назар аударды.

— Ұлт тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылданды. Біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдум өткіздік, жаңа Конституциямызды қабылдадық. Азаматтарымыз жаңа Ата Занды бірауыздан қолдап, дауыс берді. Қазақта «Береке бастауы — бірлік» деген жақсы сөз бар. Біз ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, еліміз де өсіп-өркендей береді. Көп ұзамай Қазақстан тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бұл ел өміріндегі маңызды оқиға болмақ. Қазір науқан белсенді өтіп жатыр. Партиялар саяси мәдениеттің озық үлгісін көрсетуде. Алдымызда өте жауапты кезең тұр. Ұлт болып ұйысып, бір ел болып жұмыла еңбек етеміз деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жасанды интеллект зейнетақы тағайындауға қатысады

KAZINFORM. Жыл соңына дейін әлеуметтік-еңбек саласында жасанды интеллектің тағы бес бағыт бойынша енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев Үкімет отырысында мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, үшінші тоқсанда жасанды интеллект жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жолдама беру кезінде қолданыла бастайды.

— Жүйе жұмыс іздеушінің деректерін автоматты түрде талдап, оның біліктілігі мен қажеттіліктеріне сәйкес қолдау шараларын іріктейді. Жұмыс іздеушінің сәйкестігін бағалау, қажетті қолдау құралдарын таңдау және азаматтың бейініне қарай жеке ұсынымдар қалыптастыру жоспарланып отыр, — деді Асқарбек Ертаев.



Сондай-ақ ЖИ кәсіби еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін айқындауда да қолданылады. Бұл ретте жүйе медициналық деректерді талдап, азаматтың еңбекке қабілетін жоғалту деңгейін ескере отырып, шешім жобасын әзірлейді.

Ал, төртінші тоқсанда сканерленген еңбек кітапшаларын автоматты түрде тану технологиясын

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

облыстық
қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

№65 (21835) ЖҰМА, 14 тамыз, 2026 жыл

Құрылысшыларға құрмет көрсетілді



Түркістан қаласындағы «Конгресс-холл» көпсалалы кешенінде Құрылысшы күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Жиынды облыс әкімі Нұралхан Көшеров ашып, құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

— Өңіріміздің өркендеуі, сәулеті мен келбеті — құрылыс саласының қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Бүгінде облысымызда бой көтеріп жатқан әрбір әлеуметтік нысан, тұрғын үй, өндірістік және инфрақұрылымдық жоба — Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен тынымсыз еңбектеріңіздің нәтижесі. Биыл Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Жиында Мемлекет басшысы

саммитті Түркістанда өткізудің мақсаты — атажұртта бауырлас елдердің көшбасшыларымен жүздесу, қайта түлеген Түркістанды төрткүл дүниеге таныту екендігін ерекше атап өткен болатын. Түркістанды түрлендіріп, әлемге танытуда құрылысшылардың сіңірген еңбегі әрқашан ерекшеленетіні белгілі. Қаланың символдарының біріне айналып үлгерген «Тайқазан» мен «Киіз үй» кешені соның айқын дәлелі. Қай саланы алсаң да, мемлекетті құрылыссыз дамыту мүмкін емес. Сіздердің маңдай терлеріңіздің арқасында өңіріміз көркейіп, елді мекендеріміз жаңарып, тұрғындардың әл-ауқаты жақсарып келеді. Бұл — сіздердің адал еңбектеріңіздің жемісі, — деді Нұралхан Оралбайұлы.

Іс-шарада облыс әкімі құрылыс саласының дамуына елеулі үлес қосып, кәсіби шеберлігімен танылған бірқатар сала мамандарын марапаттады. Сонымен қатар облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішев те құрылыс саласында еңбегімен дараланған бірқатар мамандарға марапаттар табыстады.

Құрылыс саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, мол тәжірибесімен кейінгі буынға жол көрсетіп жүрген ардагерлерге де ерекше құрмет көрсетілді. Сала сабақтастығын дәріптейтін тағлымды рәсім барысында құрылыс саласының ардагерлері жас құрылысшыларға «Құрылыс кодексі» табыстады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Бүгінгі сәтте



Қарт жүргізуші неге қапалы?

3-бет

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



**Қазақстан Республикасы
Құрылтайының
депутаттарын сайлауда
дауыс беру тәртібі**

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді. Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.**

» Бүгінгі күннің сауалы

Балаңызға көңіл бөлесіз бе?

Бала тәрбиесі – ата-анаға жүктелген үлкен жауапкершілік. Перзенттің бойындағы адамгершілік қасиет, білімге деген құштарлық, ұлттық құндылықтарға құрмет ең алдымен отбасыдағы тәрбие арқылы қалыптасады. Осы орайда елге белгілі азаматтардан бала-шаға, немере тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөліп жүргенін сұрап, отбасы құндылығы мен ұрпақ тәрбиесіне қатысты ойларын білген едік.

Жанар ТЕМІРБЕКОВА, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, облыстық мәслихаттың депутаты:



– Рухани құндылықтар біздің отбасымыз үшін өте маңызды. Оны баламызға күнделікті өмірдегі қарапайым әрекеттер арқылы түсіндіруге тырысамыз. Жолдасым екеуміз бір қыз тәрбиелеп отырмыз. Есімі – Бибі Сара. Бос уақытымызда қызымызбен бірге серуендейміз, кешкі ас әзірлейміз, видеороликтер түсіреміз, кітап оқимыз. Әкесі қызымен бірге музыкамен айналысады. Отбасымызбен қонақ шақырып, дастарқан әзірлегенді жақсы көреміз. Әсіресе, студенттерді қонаққа шақырғанда ерекше қуанып, көңіліміз көтеріліп қалады. Бұл да балаға адамдармен араласуды, қонақжайлылықты, үлкенге құрмет көрсетуді үйрететін жақсы дәстүр деп ойлаймын.

Гани РЫСБЕКОВ, Түркістан қаласының, Сауран және Мақтаарал аудандарының құрметті азаматы, «ЖАҢАРУ» Жалпыұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысы» РҚБ Түркістан облыстық филиалының директоры:



– Жұбайым Шынар екеуміз екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырмыз. Біз ең алдымен балаларымыздың біліміне көңіл бөлдік. Балаға сапалы білім беру – оның

болашақ өмірінің берік іргетасын қалау деп есептеймін. Ол баланың тұлға ретінде қалыптасуына, логикалық ойлау қабілеті мен сыни көзқарасының дамуына, өз бетінше шешім қабылдауына жол ашады.

Балаларымыздың шет тілдерін үйренуге деген қызығушылығы жоғары болды. Бүгінде үлкен қызым Дариға қазақ, орыс, ағылшын, өзбек, керіс және испан тілдерінде еркін сөйлейді. Жоғары оқу орнын тәмамдап, бүгінде жеке кәсіпкер болып жұмыс істейді. Ұлым Нұрәлі қазақ, орыс, ағылшын және өзбек тілдерін біледі. Мектепті тәмамдаған соң Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласындағы университетке оқуға түсті. Алдағы уақытта білімін сол елде жалғастырады. Кіші қызым Мәлика да қазақ тілімен қатар орыс, өзбек және ағылшын тілдерін меңгеріп келеді. Қазір мектепте оқиды. Бөрінің де алға қойған мақсаттары бар. Алла қаласа, сол армандарына жетеді деп сенемін.

Біз балаларымызбен жиі сөйлесеміз, оларға ұлттық дәстүрімізді дәріптеп, туған елін, жерін және ұлтын құрметтеудің маңызын үнемі айтып отырамыз.

Әкім ЫСҚАҚ, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ордабасы, Сарыағаш және Сайрам аудандарының құрметті азаматы:



– Менің егіз немерем шетелде дүниеге келгенімен, қазір Қазақстанда білім алып жатыр. Өзім қай елде, қай жерде жүрсем де аңсап, сағынып, іздеп тұратын ең үлкен байлығым – немерелерім. Олармен сөйлесіп, өңгімелесу мен үшін өмірдің ең үлкен рахаты.

Кішкентай немерем Аяулым менен «ата, қайда бардың, не көрдің?» деп жиі сұрайды. Өзі ән салады, халықаралық байқаулардың лауреаты атанды. Екінші немерем Зара домбыра тартады. Спортқа да бейімі бар, дзюдомен айналысады.

Балаларым бүгінде есейіп кеткен. Дегенмен, олармен де жиі бас қосып, пікір алмасып отырамыз. Олар өздерінің алға қойған мақсаттары, өмірге деген көзқарастары мен жетістіктері жайында айтып, ақылдасып отырады. Мен перзенттеріммен ашық сөйлесуге тырысамын. Мұндай әңгімелер өке мен баланың арасындағы өзара түсіністікті нығайта түседі.

Талғат ҚАРЖАОВ, «РОСАЗИЯ-НЕФТЬ» ЖШС-інің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты:



– Отбасымызда үш ұл, екі қыз тәрбиелеп отырмыз. Үлкендері мектепте білім алады, ал, кенже қызымыз әзірге үйде.

Балалардың күнделікті тәрбиесімен көбіне жұбайым Баян айналысады. Дегенмен, өке ретінде мен де өмірден түйген тәжірибеммен бөлісіп, ақыл-кеңес беруге, дұрыс бағыт-бағдар көрсетуге әрдайым уақыт табуға тырысамын. Бос уақытымызда балалармен әртүрлі тақырыпта әңгімелесеміз. Көбіне олардың сабағы, мектептегі жетістіктері, достары мен қызығушылықтары жайында сөйлесеміз. Әр баланың арманы әртүрлі әрі ол жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Бірі дәрігер болуды қаласа, енді бірі ұшқыш болуды армандайды. Ұлдарымыздың бірі құдық қорғау саласында қызмет етуді мақсат тұтса, тағы бірі кәсіпкер болғысы келеді.

Мен үшін ең маңыздысы – балаларымыздың өз қабілетін танып, жүрек қалауымен мамандық таңдай білуі. Ең бастысы, олардың елге пайдалы, тәрбиелі әрі білімді азамат болып өсуі.

*Сауалнаманы жүргізген
Пернебай САПАР,
«Оңтүстік Қазақстан».*

Жарылқасын ОҢАЛБЕК

Қазақ спорты мен білім-ғылым саласының көрнекті өкілі, ұлағатты ұстаз, білікті басшы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы **Жарылқасын ОҢАЛБЕК**ТІН дүниеден өтуі бәріміздің де қабырғамызды қайыстырды.



Оның саналы ғұмырының үлкен бөлігі қазақ спортының өркендеуіне, жас спортшыларды тәрбиелеуге арналды. Жарылқасын Керімбекұлы 1975–1979 жылдары Кентау қалалық жасөспірімдер мен балалар спорт мектебінде жаттықтырушы, 1979–1981 жылдар аралығында осы мекеменің директоры болып қызмет атқарды. Кейін самбо және қазақ күресінен Шымкент облысының аға жаттықтырушысы, Кентау қалалық спорт бөлімінің меңгерушісі, самбо және қазақ күресі бойынша облыстық федерация басшысы қызметтерін атқарды.

Жарылқасын Керімбекұлы спорттағы ерен еңбегімен ел есінде қалды. Ол 1978 жылы самбо күресінен КСРО спорт шебері атанып, сол жылы Бішкек қаласында өткен Бүкілодақтық турнирде жеңіс тұғырының ең биік сатысынан көрінді. 1986 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағына ие болды. Оның бапкерлік мектебінен бірнеше өлем, Азия және Қазақстан чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері шықты.

Ол спорт саласындағы мол тәжірибесін жоғары білім мен ғылымды дамыту ісімен сабақтастыра білді. 1991–1997 жылдары Жарылқасын Керімбекұлы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің дене шынықтыру кафедрасын басқарды. 1996 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы, профессор дәрежесін алды. Университет президентінің көмекшісі, факультет деканы секілді жауапты қызметтер атқарып, жоғары білім саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Кейінгі жылдары Академиялық инновациялық университетінің ректоры, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің вице-президенті, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті вице-президентінің бас кеңесшісі қызметтерін атқарды. Аймақтық инновациялық университетінің құрылтайшысы, профессор ретінде болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауға атсалысты.

Ұстаздың өзі өмірден өтсе де, артында тәрбиелеген ғалым шәкірттері, баптаған спортшылары, жазған ғылыми еңбектері мен елігілігіне арналған өнегелі істері қалды. Оның жарқын бейнесі әріптестері мен шәкірттерінің, туған-туыстары мен барша замандастарының жүрегінде ұзақ сақталады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, ағайын-бауырларына, шәкірттері мен әріптестеріне орны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

*Қайрат БАЛАБИЕВ,
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы–ректоры.*

» Жартыжылдық қорытындысы

Тұтынушы алдындағы жауапкершілік – табыс бастауы

Шымкент қаласы мен Сайрам ауданының тұрғындарын сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз етіп отырған «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і 2026 жылдың бірінші жартыжылдығын табысты аяқтады. Нарықта 28 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан ірі кәсіпорын өзінің қаржылық тұрақтылығы мен тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін кезекті рет дәлелдеді.

**Ерлан ҚУАНДЫҚ,
«Оңтүстік Қазақстан».**

Кәсіпорында бухгалтерлік есеп халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жүргізіледі. Жыл сайынғы салық төлемдері кәсіпорынның жылдық табысының 15,8%-ын құрайды. Кәсіпорын құрылғаннан бері бюджетке 21,3 млрд. теңге салық төленген.

Халықаралық серіктестік және инвестициялар. Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту – серіктестіктің негізгі басымдығы. 2009 жылдан бері еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) 60,3 млн. еуроны құрайтын 6 несие келісімі жасалған. Қазіргі таңда міндеттемелерге сай банкке 43,9 млн. еуро қайтарылды. Одан бөлек, кәсіпорынға мемлекет тарапынан да қолдау көрсетіліп отыр. Атап айтқанда, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы үш жақты келісім негізінде 6,2 млрд. теңге субсидияға қол жеткізіліпті.

Жалпы, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС биыл алты айға жоспарланған жұмыстарын 100% орындаған. Бұл жұмыстарға 2 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалған. Оның ішінде 4,7 шақырым су құбыры мен 6 шақырым көріз желісі қайта жаңғыртылды.

Атқарылған негізгі инфрақұрылымдық жобалар. Жыл басы-



нан бері Шымкенттегі тозығы жеткен желілерді ауыстыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылған. Мысалы, Ақпан батыр көшесіндегі 1995 жылдан бері жөндеу көрмей, апаттық жағдайда болған су құбырының 228 метрлік бөлігі толық қайта жаңартылды. Сарбаздар көшесінде (Еңбекші ауданы) 1986 жылы төселген болат құбырлар заманауи материалдарға ауыстырылып, нәтижесінде апаттылық деңгейі төмендеді. Ал, Саяжол Қамысты көшесінде диаметрі 1000 мм, ұзындығы 1850 метр болатын көріз коллекторын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, Аймауытов көшесіндегі №1А үйден бастап Түркістан көшесіне дейінгі ұзындығы 669 метр өздігінен ағатын көріз желісінің құрылысы да жүріп жатыр.

Халық үшін ең қолжетімді тариф. Атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға қарамастан, өңірдегі су тарифтері еліміз бойынша ең төмен бағалардың бірі болып қала бермек.

Тұтынушылардың басым бөлігі үшін су мен су бұру қызметінің жиынтық құны бір адамға айына 276 теңгені (бұл халықтың жан басына шаққандағы орташа табысының бары-жоғы 0,13%) құрайды. Бір текше метр судың бағасы қосымша құн салығын қосқанда 111,44 теңге (1000 литр). Сонда бір литр судың бағасы небәрі 11,1 тиын (салыстыр-

малы түрде айтатын болсақ, дүкендегі 1 литр бөтелкедегі су бағасы 500 теңге) болып тұр.

Кәсіпорын тарифтік смета шығындарының жартысынан астамын негізгі құралдарды күтіп-ұстауға, күрделі жөндеу жұмыстарына, түрлі салықтарға және инвестициялық несиелерді қайтаруға жұмсайды.

Экологиялық жауапкершілік және бірегей жобалар. Кәсіпорын сарқынды суларды заманауи биопрепараттар арқылы механикалық және биологиялық тазартудан өткізеді. Тазартылған су кейіннен техникалық дақылдар мен жасыл желектерді суаруға қайта пайдаланылады.

Мекемеге қарасты Бөржар су жинақтағышы аумағында табиғи тұйық экожүйе құрылған. Қазіргі таңда онда 1 000-ға жуық үйрек бар. Сондай-ақ, тазарту құрылыстары аумағында жалпы саны 140 мың балық шабағы өсірілуде. Олар алдағы уақытта экожүйедегі табиғи тепе-теңдікті сақтау үшін Бөржар су жинақтағышына жіберіледі.

Қорыта айтқанда, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і қалалық инфрақұрылымды дамытуда, экологиялық шешімдерді енгізу мен инвестицияларды тиімді басқаруда жоғары нәтижеге қол жеткізіп келеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Бастамашы «Шымкентцемент» ЖШС (мекенжайы: Шымкент қаласы, Қойкелді батыр көшесі, 22, БСН 931240000022, телефоны: 8 (7252) 48-00-30) 2026 жылғы 18 қыркүйекте сағат 12:00-де Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Ақбиік ауылы, Саулетбек көшесі, 82, Мәдениет үйінде «Шымкентцемент» ЖШС-нің «Абаил» карьеріне экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Орындаушы: «ЭАИМ» ЖШС, БСН 011140005355, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-ғимарат, 28-көңсе, e-mail: info@eaim-kz.com, телефоны: +7 701 732 31 87.

Материалдармен танысу және ұсыныстарды жолдау үшін: Бірыңғай экологиялық порталы — <https://ndbecology.gov.kz/>, Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайты, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz. Қағаз нұсқасымен Шымкент қаласы, Қойкелді батыр көшесі, 22 мекенжайында танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша: +7 701 732 31 87.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Инициатор ТОО «Шымкентцемент» (адрес: г. Шымкент, ул. Койкелді батыра, 22, БИН 931240000022, телефон: 8 (7252) 48-00-30) проводит 18 сентября 2026 года в 12:00 общественные слушания в форме открытого собрания по Пакету документов для получения экологического разрешения для карьера «Абаил» ТОО «Шымкентцемент» по адресу: Туркестанская область, Тюлькубасский район, село Акбиик, ул. Саулетбек, 82, Дом культуры.

Исполнитель: ТОО «ЭАИМ», БИН 011140005355, г. Шымкент, ул. Байтұрсынова, 18, здание, офис 28, e-mail: info@eaim-kz.com, телефон: +7 701 732 31 87.

Для ознакомления с материалами и направления предложений: Единый экологический портал — <https://ndbecology.gov.kz/>, сайт Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz. С бумажной версией материалов можно ознакомиться по адресу: г. Шымкент, ул. Койкелді батыра, 22. По всем вопросам: +7 701 732 31 87.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Медеубаев Галымжан Нурлановичтің атына берілген №0296678 санды бір реттік рұқсат қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ұжымы Орталық Азия инновациялық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Берман ЫСҚАҚТЫН
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ұжымы өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент
Айдар Қамбарұлы НИЯЗОВТЫН
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.